Рахметулина Айгерим Абаевнаның
8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақстан Республикасында агроазық-түлік өнімдерін жеткізудің логистикалық инфрақұрылымы мен тізбегін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу логистикалық инфрақұрылымды және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегін дамыту мәселелеріне және олардың Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы және тұрақты өсуді қамтамасыз етудегі рөліне арналған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Агроазық-түлік секторын дамыту Қазақстан Республикасының экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады, себебі оның елдің ЖІӨ-не қосқан үлесі, айтарлықтай экспорттық әлеуеті және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызы зор. Осы сектордың тиімді жұмыс істеуі үшін заманауи логистикалық инфрақұрылымды дамыту және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектерін тұрақты етіп құру қажет.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын логистикалық қолдау мәселелері өзекті болып табылады, бірақ бұл мәселеге кешенді шешім әлі табылған жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және сату үшін заманауи инфрақұрылымды құруды жеделдету міндетін қойды. Атап айтқанда, бизнеске көкөніс сақтау қоймаларын, көтерме тарату орталықтарын және ауылдық сервис-сату кооперативтерін салуды қолдау маңызды деп атап өтті.

Бұл шаралар агроазық-түлік өнімдерін сақтау, өңдеу және тарату үдерістерін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер үшін қосымша мүмкіндіктер ашылып, өнімдер ішкі нарықта да, экспортта да жоғары сұранысқа ие бола алады.

Сонымен қатар, Қазақстанның агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектерінде және логистикалық инфрақұрылымында аймақтық және құрылымдық теңсіздік, жеткізу тізбегіндегі қатысушылар арасында үйлестірудің әлсіздігі, сапалы логистикалық қызметтерге жеткілікті қол жеткізбеу сияқты жүйелі мәселелер сақталып отыр.

Бұл факторлар елдің экономикалық дамуына айтарлықтай теріс әсер етеді, себебі олар импортты алмастыру және бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп секторын құру жөніндегі күш-жігерді қиындатады. Осы мәселелерді шешу үшін, логистикалық инфрақұрылымды жетілдіріп, жеткізу тізбектерін тиімді ұйымдастыру маңызды.

Агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегін қалыптастыру жоғары тиімді өзара байланыстар мен экономикалық қатынастар желісін талап етеді, бұл жаңа үлгілер мен механизмдерді әзірлеу арқылы жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай үлгілер мен механизмдер жергілікті

ерекшеліктерді, логистикалық инфрақұрылымның даму деңгейін және тұтынушылардың менталитетін ескеруі тиіс.

Осы мәселелерді шешу логистикалық инфрақұрылым мен жеткізу тізбектерінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, агроазық-түлік өнімдерінің өндірісі мен таралуын оңтайландырып, ішкі нарықтағы және экспорттағы бәсекеге қабілеттілікті жақсартады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі логистикалық тарату орталықтарын дамытуға ерекше назар аударуда, себебі бұл тұрақты аймақтық экономикалық өсу үшін маңызды. Алайда, осы орталықтардың жұмыс істеу механизмі мен тиімділік көрсеткіштері туралы нақты түсінік әлі жоқ. Қазіргі зерттеулердің фрагментті сипаты, ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі, логистикалық инфрақұрылым мен агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегін және көтерме тарату орталықтарын жобалауда жүйелі тәсілдің жоқтығы - диссертациялық зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Бұл мәселені зерттеу арқылы логистикалық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру, тұтастай алғанда агроазық-түлік секторын дамыту үшін нақты ұсыныстар жасауға болады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстан экономикасының ішкі және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін агроазық-түлік секторында логистикалық инфрақұрылым мен тұрақты жеткізу тізбектерін дамытуға бағытталған кешенді ұсыныстар мен ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді әзірлеу.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру келесі **міндеттерді** шешу қажеттігін негіздеді:

1) логистикалық инфрақұрылымының қалыптасуына теориялық талдау жүргізу, оның агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегіндегі рөлі мен ерекшеліктерін зерттеу:

2) агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектерін, оның логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту жөніндегі шетелдік тәжірибені талдау және оларды зерттеу әдістемесін жасау;

3) тез бұзылатын өнімдерді логистикалық жеткізу тізбектері және логистикалық инфрақұрылымы жағдайын талдау, олардың дамуына әсер ететін факторларды зерттеу;

4) өңірлерде логистикалық инфрақұрылымдық объектілерді дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, көлік шығындарын азайту үшін агроазық түлік өнімдерін жеткізудің тиімді тізбектерін ұсыну;

5) логистикалық көтерме-тарату орталығы мысалында логистикалық инфрақұрылым мен жеткізу тізбектерінің жұмыс істеуінің перспективалық үлгісі мен ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін; мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі негізінде аграрлық азық-түлік өнімдерінің логистикалық көтерме – тарату орталығының үлгісін әзірлеу;

6) агроазық-түлік өнімдерінің логистикалық көтерме-тарату орталықтарын қалыптастыру жөнінде әдістемелік шешімдер ұсыну және олардың жұмыс істеу тиімділігін бағалау.

Зерттеу объектісі – логистикалық инфрақұрылым және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегі.

Зерттеу пәні - логистикалық инфрақұрылым объектілерін және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектерін қалыптастыру және жұмыс істеу кезінде туындайтын ұйымдық-экономикалық қатынастар.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін аймақтық деңгейде логистикалық инфрақұрылымды дамытуды және агроазық-түлік секторындағы жеткізу тізбегін басқаруды зерттейтін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды.

Диссертацияда жалпы ғылыми әдістер (салыстырмалы, жүйелік, статистикалық талдау) және қолданбалы әдістер (көрсеткіштерді стандарттау, кластерлік талдау, регрессиялық талдау, факторлық талдау, ауырлық орталығының әдістері, аймақтық рейтинг, болжау) қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі жанындағы Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің материалдары, мерзімді басылымдар туралы ақпарат, автордың өзі жүргізген зерттеулері құрады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. логистикалық инфрақұрылымның элементтері мен құрылымын жүйелендіру және нақтылау, олардың негізінде тиімді және тұрақты жеткізу тізбектерін құру контекстінде көлік-логистикалық инфрақұрылымның құрылымдық үлгісін және логистикалық инфрақұрылымның жіктемесін жасау;

2. логистикалық инфрақұрылымды және агроазық - түлік өнімдерін жеткізу тізбегін қалыптастыру мен дамытуға арналған әдістемелік тәсіл;

3. логистикалық инфрақұрылымды және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегін дамыту басымдықтарын таңдау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар, оларды іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу;

4. агроазық-түлік өнімдерінің логистикалық инфрақұрылымы қызметінің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі және үлгісі.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелерінің ғылыми жаңалығы:

1. логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту процесін зерттеу негізінде логистикалық инфрақұрылым және оның негізгі сипаттамалары ұғымдарындағы айырмашылықтар анықталды;

2. шетелдік тәжірибені талдау негізінде логистикалық инфрақұрылымды және агроазық түлік өнімдерін жеткізу тізбегін қалыптастыру мен дамытудың әдіснамалық тәсілдері әзірленді;

3. агроазық-түлік өнімдерін жеткізудің логистикалық инфрақұрылымы және тізбектері тиімділігін қалыптастыру факторлары анықталды, олардың қызметтерінің тиімділігі бағаланды;

4. агроазық-түлік өнімдері нарығының, логистикалық инфрақұрылымның дамуындағы ұйымдастырушылық-экономикалық мәселелер мен ұсынылған логистикалық қызметтерді талдау негізінде, ауыл шаруашылығындағы кіші шаруашылықтардың ірі өңірлік тұтынушыларға арналған логистикалық

инфрақұрылым мен тұрақты жеткізу тізбектерін құру бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар мен ұйымдастырушылық-экономикалық шаралар әзірленді;

5. логистикалық инфрақұрылымның және өнімді жеткізудің тиімді тізбектерінің жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық - экономикалық тетігі және барлық логистикалық, өндірістік және технологиялық процестерді, агроазық-түлік өнімдерін өткізу және өткізуді бір тізбекке біріктіретін мемлекеттік – жекешелік әріптестік тетігі негізінде ЛКТО қалыптастыру үлгісі жасалды;

6. агроазық-түлік өнімдерін сақтау, тарату және сату үшін логистикалық көтерме-тарату орталықтарын қалыптастыру бойынша әдістемелік шешімдер ұсынылды және сынақтан өтті, бұл шешімдердің бұрыңғыдан айырмашылығы, интегралды көрсеткіштерді есептеу, тиімді орналастыру орындарын, қызмет көрсету аймақтарын және олардың санының анықтамасы негізінде жасалды, бұл өз кезегінде олардың орналасу орындарын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Дисконталған өтелу мерзімін (DPP), табыстың ішкі мөлшерін және рентабельділік коэффициентін қоса алғанда, экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің негізінде көтерме-тарату орталығын құру бойынша жобаны бағалау жүргізілді. КТО құрудың экономикалық тиімділігі бөлу жүйесіндегі шығындар мен шығыстарды азайтудан, жабдықтау жүйесінің тиімділігін арттырудан, салық түсімдерінің өсуінен, өндірушілердің кірістерін арттырудан және тұтынушылардың таңдауын кеңейтуден көрінеді.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

Автор алған нәтижелер мен әзірленген әдістемелік тәсілдер логистикалық инфрақұрылымның жұмыс істеуі мен дамуы және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектері саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерді одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Олар агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қатысатын мемлекеттік органдар мен ғылыми-зерттеу ұйымдары үшін ғылыми-практикалық құндылыққа ие.

Ұсынылған әдістемелік нұсқаулық логистикалық көтерме-тарату орталығының жұмыс істеу механизмін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жеткізу тізбектерін оңтайландыруға, логистикалық шығындар мен өнімнің жоғалуын азайтуға ықпал етеді, агроазық-түлік секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Диссертацияның тәжірибелік маңыздылығы зерттеу шеңберінде жасалған шаралар логистикалық инфрақұрылым жұмысының тиімділігін арттыруға және агроазық-түлік өнімдерін жеткізудің тұрақты тізбегін құруға мүмкіндік беретіндігімен анықталады.

Агроазық-түлік өнімдерінің ЛКТО қалыптастыру бойынша ұсынылған әдістемелік шешімдер ауыл шаруашылығын экономикалық дамыту стратегияларын әзірлеу, агроазық-түлік өнімдері нарықтарын реттеу, импортты алмастыру саясатын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдардың қызметінде қолданылуы мүмкін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, көтерме сауда кәсіпорындарының экономикалық және өндірістік қызметінде агроазық-түлік өнімдерін өткізу жүйесін жетілдіру және олардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Диссертация аясында әзірленген бірқатар тұжырымдар мен қорытындылар жоғары оқу орындарының экономикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері халықаралық конференцияларда ұсынылды, соның ішінде: TheIIER International Conference on Social Science and Economics (Лондон, 2024). Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды, атап айтқанда: «Увалиев оқулары: қазіргі заманғы сын-тегеуріндер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» (Өскемен, С. Аманжолов ат. ШҚУ, 2022), «Цифрландыру дәуіріндегі Қазақстан Республикасы экономикасының дамуын трансформациялаудың қазіргі заманғы үрдістері» ХҒПК (Шымкент, М.Әуезов ат. ОҚМУ, 2022), ХҒПК «Strategic management of the agri-food sector in the conditions of economic globalization: security, innovations, leadership» (Poltava, PSAU, 2023), IX РҒПК «Білім-ғылым-бизнесті интеграциялау: мәселелер мен перспективалар» (Өскемен, С. Аманжолов ат. ШҚУ, 2023), ХҒПК «Жаңа шындық жағдайындағы экономика және қоғам» («С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, 2023), ХҒПК «Жаңа шындық: экономика, менеджмент, әлеуметтік коммуникациялар» (Новосібір, ФМБ ЖББМ «Новосібір мемлекеттік педагогикалық университеті», 2023), XVIII ХҒПК «Ǵylym jáne bilim» (Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023), ХҒПК «Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелер және шешу жолдары» (Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024). Электронды кітаптың «Қазақстанның көлік-логистика жүйесін дамыту» ғылыми жобасы материалдары С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті мен Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің оқу процесінде қолданылды. Ізденушінің кейбір ұсыныстары «Жаңа Жібек жолы» ЖШС мен «SMART Trade Solutions» ЖШС қызметінде пайдаланылды, бұл зерттеу нәтижелерін енгізу туралы тиісті актілермен расталады.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мемлекеттік басымдыққа ие бағыттар бойынша қолданбалы зерттеулерде көрініс тапты. Олар ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясындағы «AP19677634 Қазақстан аумағында тез бұзылатын азық-түлік өнімдерінің логистикалық инфрақұрылымын және тұрақты жеткізу тізбектерін дамыту (2023-2025 жж.)» жобасында жүзеге асырылды.

Жарияланымдар. Ғылыми зерттеу нәтижелері Scopus деректер базасында индекстелетін журналдарда 4 мақала, соның ішінде Web of Science Core Collection деректер базасында 3 мақала, ҚР БжҒМ ҒББҚСжБҚ ұсынған журналдарда 5 мақала, халықаралық конференцияларда 8 мақала жарияланды, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 30.01.2024 ж. №42478 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы 1 авторлық куәлігі алынды.

Жұмыс құрылымы. Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен, 20 кесте, 28 сурет, 7 қосымшадан тұрады.